

МРНТИ 06.61.43

JEL Classification: O32; O33; L6; L74; L8

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2022-6-140-151>

БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАРЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЖЕТІЛДІРУ МЕХАНИЗМІ РЕТІНДЕ

Ә. Е. Төлепов¹, А. Б. Тлесова¹, Н. С. Нуркашева^{2*}

¹М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан Республикасы

²Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеу мақсаты – арнайы экономикалық аймақтардың теориялық аспектілерін зерделеу және Батыс Қазақстан аймағындағы даму мүмкіндіктерін анықтау үшін ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу.

Әдіснамасы – зерттеу жұмысын жүргізу барысында алдымен теориялық-әдіснамалық аспектілерін анықтау үшін библиографиялық әдіс қолданылды және шетелдік, қазақстандық авторлардың арнайы экономикалық аймақ туралы түсініктері зерделенді. Батыс Қазақстан аймағындағы арнайы экономикалық аймақтардың жағдайын бағалау үшін статистикалық мәліметтерді математикалық талдау жүргізілді. Ол үшін қажетті көрсеткіштер ранжирлеу әдісі арқылы іріктелді. Индуктивтік әдісті қолдану арқылы алынған бағалау нәтижелері негізінде арнайы экономикалық аймақтар қызметін дамыту бойынша ұсыныстар әзірленді.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы – Батыс Қазақстан аймағының инновациялық қызметін дамыту, сонымен қатар инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында арнайы экономикалық аймақтарды құру және жетілдіру маңыздылығы айқындалды. Сонымен бірге, аймақтағы арнайы экономикалық аймақтарды дамыту бойынша жетекші сала бағыттары анықталды. Инвестициялық климатты арттыру және инновациялық қызметті жетілдіру бойынша шаралар кешені жүйелендірілді. Зерттеу жұмысының құндылығы, оның ішінде, әдебиеттерді шолу және теориялық зерттеулер бөлімі жоғары оқу орындарында инвестициялық және инновациялық қызметті оқытуда, ал практикалық нәтижелері облыстардағы әлеуметтік-экономикалық дамуды зерттеу барысында қолдану мүмкіндігімен сипатталады.

Зерттеу нәтижелері – Батыс Қазақстан аймағының инновациялық және инвестициялық қызметіне бағалау жүргізілді; қазіргі кезде құрылған арнайы экономикалық аймақтардың қызметін жетілдіру және жаңасын құру мүмкіндіктері айқындалып, ғылыми негізделген ұсыныстар берілді; АЭА-ның инвестициялық және инновациялық әлеуетті арттырудағы детерминатты байланысы анықталды; Атырау және Маңғыстау облыстары мысалында Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында АЭА-ны құрудың нақты салалары бойынша мүмкіндіктері қарастырылды және ол АЭА-ның облыстардың әлеуметтік-экономикалық дамуға мультипликативтік әсері айқындалды.

Түйін сөздер: арнайы экономикалық аймақ, Батыс Қазақстан аймағы, инновациялық қызмет, инвестиция тартымдылығы, технопарктер.

КІРІСПЕ

Мақаланың мақсаты – Батыс Қазақстан аймағының АЭА-ларының дамуын зерделеу, олардың аймақтың инновациялық және инвестициялық қызметін жетілдірудегі маңызын айқындау және соның нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- АЭА түсінігінің теориялық аспектілерін зерделеу;

- Батыс Қазақстан аймағының инновациялық және инвестициялық қызметінің негізгі көрсеткіштерін талдау және бағалау;

- АЭА-ның қызметін және әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау;

- зерттеу нәтижелері негізінде мәселелерді анықтау және шешу жолдарын ұсыну.

Халықаралық деңгейдегі аумақтық құрылымдардың мұндай түріне арналған алғашқы анықтама кедендік рәсімдерді оңайлату және үйлестіру туралы халықаралық конвенцияда: «еркін аймақ – бұл уағдаласушы тарап аумағының бөлігі, оның шегінде онда орналастырылған тауарлар әдетте әкелу баждары мен салықтарға қатысты кедендік аумақтан тыс деп қаралады» деген тұжырымдама жасалады [1]. АЭА-ның теориялық және эмпирикалық зерттеулерімен терең айналысушы ғалым Н. Н. Шмонов АЭА ұғымына келесі анықтаманы ұсынады: арнайы экономикалық аймақ – бұл әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық мәселелерді шешу үшін экономикалық қызметтің ерекше жеңілдікті шарттары қолданылатын байланыстар мен қатынастардың біртұтас жүйесі бар ұлттық аумақтың бөлігі [2]. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму Министрлігінің Индустриялық даму комитетінің ресми сайтының мәліметіне сәйкес арнайы экономикалық аймақ – қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқықтық режимі қолданылатын, шекаралары дәл белгіленген Қазақстан Республикасы аумағының бөлігі болып табылады [3].

Мемлекеттің АЭА-ны құрудағы мақсаттары әртүрлі болып табылады. Ең алдымен, АЭА құрудың басты мақсаты – аймақтардың және тұтастай мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайына мультипликативтік әсер ету арқылы дамыту болып табылады. Оның ішінде, жұмыссыздық деңгейін төмендету, халықтың жағдайын жақсарту, кәсіпкерлік қызметті қолдау, қосылған құны жоғары, әрі бәсекеге қабілетті өнімдер өндірісін арттыру және оны экспорттау көлемін ұлғайту, тұтынушылардың мүдделерін қорғау және тағы басқалары. АЭА-лар экономикалық және әлеуметтік мәселелердің шеңберін айқындай отырып, ең алдымен, елдің, оның жекелеген аймақтары мен салаларының өндірістік әлеуетін дамыту және неғұрлым ұтымды пайдалану мақсатында құрылатынын атап өткен жөн [4, б. 125].

АЭА-лар интегралды экономикалық механизм, яғни, аймақтардың экономикалық қызметін басқарудың дамыған шетелдік тәжірибелерін ақуумуляциялау мен бөлудің тиімді құралы ретінде қолданылады.

Мұндай аймақтар әлемдік саясаттың әртүрлі субъектілерінің өзара әрекеттесу орнына айналады, олардың ішіндегі ең маңыздысы мемлекет, оның жекелеген аймақтары мен трансұлттық корпорациялар (бұдан әрі – ТҰК) болып табылады [5].

Бангладеш, Бразилия, Үндістан, Корея Республикасы, Таиланд, Түркия және Вьетнамды қоса алғанда, көптеген дамушы елдердің экономикалық өсуінде АЭА-лар маңызды рөл атқарды. Бұл аймақтар арнайы инфрақұрылым мен бизнес қызметтерін ұсынады және олар ауқымды жұмыс орындарын құру, іскерлік дағдылар мен технологияларды беру, экспортты әртараптандыру және тікелей шетелдік инвестициялар басқаратын өнеркәсіптік дамудың сәтті үлгісі болып отыр [6].

АЭА-дан аймақтарға жанама әсерлерді арттырудағы негізгі кедергілер – базалық инфрақұрылымның, жұмыс күшінің дағдыларының болмауы және жергілікті жеткізушілердің нашар өнімділігі болып табылады. Табысы төмен және білікті жұмыс күші жетіспейтін елдерде шетелдік инвестициялардың айтарлықтай үлесі көп еңбекті қажет ететін және аз шығынды салаларға түседі. Отандық фирмалар арасында өнімділіктің төмен деңгейі шетелдік инвесторлармен тиімді салааралық байланыстар орнатуға кедергі келтіреді. Ішкі өнімділіктің өсуі, өз кезегінде, жоғарыда аталған инфрақұрылым мен адами капиталға қол жетімділікке байланысты. Сонымен қатар, салықтық және іскерлік реттеудің басқарылуы мен ашықтығы отандық фирмалардың өнімділігін арттыруда да, қосылған құны жоғары шетелдік инвестицияларды тартуда да маңызды рөл атқарады. Осылайша, инфрақұрылым мен білімге инвестиция салу арқылы бизнес-ортадағы кедергілерді жою, сондай-ақ салық жүйесі мен реттеуші институттардың басқаруы мен ашықтығын жақсарту АЭА бағдарламасынан үлкен әлеуметтік-экономикалық пайда алу үшін қажетті шарттар болып табылады [7, б. 3].

Ғылым мен инновациялық қызмет саласындағы даму серпінін сипаттайтын статистикалық көрсеткіштерді жинау және өңдеу үдерісінде аймақтық экономиканың даму жағдайын қанағаттанарлық деп айту қиын. Аймақтардағы инновациялық қызмет көрсеткіштерінің едәуір бөлігі бүгінде экономи-

касы дамыған елдердің сәйкес көрсеткіштерінен бірталай артта қалып отыр, бұл бірқатар мәселелерді туындады, олар [8]:

- инновациялық қызмет тұрақты түрде қаржыландырылмайды (ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалатын ЖІӨ-дегі шығындардың аз үлесі);
- бизнес құрылымдардың инновациялық белсенділігін ынталандыру міндеттеріне жеткілікті көңіл бөлінбейді;
- жеке және мемлекеттік секторлар техникалық жаңалықтарды енгізу үдерісіне әлсіз енгізіледі;
- мемлекеттік бюджет қаражатын ғылыми-зерттеу және тәжірибелік конструкторлық мақсаттарға тиімсіз бөлу және пайдалану;
- инновациялық қызметтегі жоғары сыбайлас жемқорлық деңгейі;
- қаржы нарығы институттарының (инвестициялық банктер, венчурлік қорлар және тағы басқалары) нашар дамуы;
- инвестициялық салымдар тәуекелінің жоғары деңгейі олардың өтелу мерзімдерінің белгісіздігімен бірге инвесторлардың қызығушылығын төмендетеді [8].

Сонымен, жоғарыда аталған мәселелерді қорытындылай келе, біз сол мәселелерді шешудің болжамдық жолы ретінде аймақтардағы АЭА-ны құру мүмкіндігін қарастырамыз.

Осы мақсатқа жету барысында күтілетін нәтиже – АЭА-ның қызметін жетілдіру және жаңа АЭА құру нәтижелерінің әлеуметтік-экономикалық дамуға оң әсерін болжамдау болып табылады.

Инновациялық қызметті жетілдіруде АЭА-ға ерекше назар аудару қажет. АЭА-дағы инновациялық қызметтің мәні – аймақтарда бұрын өзіне тән емес жаңа инфрақұрылымды құру болып табылады. Оның ішінде, бұрын сонды болмаған өнімдерді өндіру немесе өндіріс үдерісін жаңарту, өнімдерді өткізудің жаңартылған әдіс-тәсілдерін енгізу, шетелдік озық техника мен технологияларды трансферттеуді жеделдету және олардың тиімді қызмет етуін басқару. Бұл ретте, АЭА-дағы туындайтын қаржылық, экономикалық, ғылыми-технологиялық қатынастардың барлығы инновациялық қызметтің жетілдіру сипатымен тікелей байланысты екені мәлім.

Бұл ретте, айта кететін жағдай, АЭА технологияларды қайталама пайдалануға немесе жергілікті экономикаға жаңа өндірістерді енгізу мүмкіндіктерін беретін білімді таратуға ықпал еткен жағдайда ғана табысты деп санауға болады [9, б. 3].

Инновациялық қызметтің дамуына негізделетін АЭА-дағы ерекшеліктерді келесідей бөліп көрсетуге болады:

- барлық өндірілген өнім сол аймақтың инновациялық әлеуетіне, яғни білім мен ғылымның жетістіктерімен байланысты болады және ғылымға негізделген жаңа өнімдер, қызметтер мен үдерістер номенклатурасы өзгеріске ұшырап, оң нәтижелерге алып келеді;
- инвестицияның басым бөлігі инновациялық қызметке тартылады, яғни шығындардың басым бөлігі – инновациялар;
- инновациялық қызметтің тек кәсіпорындарға ғана емес, аймақтың макроэкономикалық көрсеткіштеріне оң нәтижесінің болу сипаты;
- инвестициялар тартымдылығын арттыру үшін жеңілдетілген салық режимдерін қолдану тәртіптерінің болуы.

Экономикалық аймақтарға қатысты көптеген терминдер бар: АЭА, экспортты қайта өңдеу аймағы Export Processing Zone (EPZ), ғылыми-зерттеу паркі, еркін сауда аймағы және тағы басқалары [10]. Қазіргі кезде, АЭА ұғымын шетелдік және Қазақстандық авторлар әртүрлі түсіндіреді. Мәселен, Ресей ғалымы В. И. Кравчуктың көзқарасы бойынша АЭА – «кедендік эксаумақтылық» қағидаты сақталатын аумақ, бұл ретте мемлекеттік кеңістіктің оқшауланған бөлігінің еркіндігі абсолютті емес, салыстырмалы болып табылады [11, б. 3]. Шетелдік ғалымдар М. Санди-Джаллаб және Э. Бланко де Армастың пікірінше, «АЭА – бұл аймақтарда жұмыс істейтін экспортқа бағытталған фирмаларға баж салығы бойынша жеңілдіктер беретін арнайы өнеркәсіптік парктер. Олар шетелдік және отандық тауарларды сақтау, тарату, басқа шетелдік және / немесе отандық тауарлармен біріктіру немесе өндірістік операцияларда пайдалану үшін бажсыз қолданылатын ел ішіндегі анклавтар. Соңғы үш онжылдықта АЭА сауда саясатының танымал құралдарына айналды. АЭА –дәстүрлі емес экспортты ілгерілету үшін


қолданылатын сауда саясатының құралы. АЭА-ны талқылау кезінде көптеген әдеби дереккөздер еркін өнеркәсіптік аймақтар, арнайы экономикалық аймақтар және макиладорлар сияқты әртүрлі терминдерді қолданады» [12, б. 1]. «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілгендей, АЭА – қызметтің арнайы түрлерін тиімді жүзеге асыру мақсатында барлық қажетті инфрақұрылымы мен арнайы нормативтік-құқықтық режимі бар Қазақстан Республикасының шекаралық бөлігі болып табылады [13].

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Батыс Қазақстан аймағы – Қазақстан Республикасының шикізаттық аймағы ретінде үлкен стратегиялық маңызы бар аймақ болып табылады. Оның құрамына 4 облыс кіреді: Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Маңғыстау облыстары. Аймақ мұнай мен газ шикізатына, сонымен қатар мұнай-химия өнімдерін өңдеу және өндіруге маманданған. Біздің пікірімізше, аталған салаларда инвестиция тартымдылығын арттыру және аймақ экономикасын әртараптандыру мақсатында инновациялық қызметті жетілдіру маңызды болып келеді. Сол себепті, Батыс Қазақстан аймағындағы инновациялық және инвестициялық қызметті талдау үшін көрсеткіштерді ранжирлеу әдісі арқылы тандап отырмыз. Оның ішінде: Батыс Қазақстан аймағының инновациялық белсенділігі, Батыс Қазақстан аймағында өндірілген инновациялық өнімдер мен көрсетілген қызметтер көлемі, аймаққа тартылған тікелей шетелдік инвестициялар көлемі, «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» және «Ақтау теңіз порты» АЭА-ның қаржы-экономикалық жағдайы мен сипаттамасы талданған.

Батыс Қазақстан аймағының негізгі инновациялық және инвестициялық әлеуеті кестелер мен суреттерде көрсетілген.

1-суретте Батыс Қазақстан аймағының облыстары бөлінісінде инновациялық белсенділігінің көрсеткіші талданған:




Сурет 1 – Батыс Қазақстан аймағының инновациялық белсенділігі көрсеткіштері, %

Ескерту – [14] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

1-суреттен көріп отырғанымыздай, Батыс Қазақстан аймағының жоғары инновациялық белсенділігі көрсеткіші Ақтөбе облысында (2021 жылға 12,5 %). Ал ең төменгі инновациялық белсенділік 6,3 %-бен Маңғыстау облысына тиесілі. 2017-2021 жылдары барлық облыстарда инновациялық белсенділіктің серпінінің артқандығы байқалады.

2-суретте Батыс Қазақстан аймағында 2021 жылы өндірілген инновациялық өнімдер мен көрсетілген қызметтердің жалпы көлемі облыстар бөлінісінде көрсетілген:



Сурет 2 – 2021 жылы Батыс Қазақстан аймағында өндірілген инновациялық өнімдер мен көрсетілген қызметтер көлемі, млн. тг.

Ескерту – [14] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

2-суреттен байқағанымыздай, 2021 жылы инновациялық өнімдердің көп бөлігі Ақтөбе облысында (86 445,2 млн. тг.), ал Маңғыстау облысы 4 233,2 млн. тг. көрсеткішімен артта қалып отыр. Батыс Қазақстан аймағы бойынша инновациялық өнім мен көрсетілген қызметтің жалпы көлемі – 150 874,6 млн. тг. құрап отыр.

1-кестеде Батыс Қазақстан аймағында тартылған тікелей шетелдік инвестициялар көлемі көрсетіліп, талданған:

Кесте 1 – Батыс Қазақстан аймағының тартылған тікелей шетелдік инвестициялар көлемі, млн. тг.

№	Батыс Қазақстан аймағының облыстары	2017	2018	2019	2020	2021	Өсім қарқыны, %
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Ақтөбе	438 049	516 893	598 864	648 036	817 136	46,4
2	Атырау	2 468 570	3 691 401	4 328 236	3 330 847	2 910 114	15,2
3	Батыс Қазақстан	407 589	450 382	586 266	481 485	428 742	4,9
4	Маңғыстау	434 446	504 649	556 558	582 279	629 138	30,9
	Жалпы аймақ бойынша	1 282 552	5 163 325	6 069 924	5 042 647	4 785 130	73,2

Ескерту – [14] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Горизонтальді талдау нәтижесінде 1-кестеден көріп отырғанымыздай, 2017-2021 жылдар аралығында Батыс Қазақстан аймағында тартылған тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 73,2 %-ға артып, 2021 жылы 4 785 130 млн. тг. құраған. Тік талдау арқылы облыстар бөлінісінде Атырау облысы жалпы аймаққа тартылған инвестициялардың 60,8 % алып отыр, одан кейін Ақтөбе, Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстары сәйкесінше 17,1 %, 13,1 %, 8,9 %.

Батыс Қазақстан аймағының инвестициялық және инновациялық қызметінің тиімділігін арттыру үшін ғылыми негізделген ұсыныстарды әзірлеу мақсатында АЭА-ның жұмыс істеу механизмін зерделеу қажет. Бұл ретте индуктивтік әдісті қолданамыз. Қазіргі кезде, Қазақстан Республикасында

13 АЭА құрылған. Оның ішінде, Батыс Қазақстан аймағының Атырау облысында «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА және Маңғыстау облысында «Ақтау теңіз порты» АЭА орналасқан. Бұл АЭА-лардың негізгі көрсеткіштерін талдайық.

2-кестеде «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА-ның негізгі сипаттамасы мен қаржы-экономикалық жағдайы көрсетілген:

Кесте 2 – «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА-ның қаржы-экономикалық жағдайы мен сипаттамасы

№	Сипаттамасы	«Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА		
1	2	3		
1	Құрылған жылы, аймағы	2007, Атырау облысы		
2	Көлемі, га.	3475		
3	Қызмет ету мерзімі, жылдар	2007-2032		
4	Іске асырылған жобалар саны, жоба	15		
	Қаржы-экономикалық жағдайының көрсеткіштері	2021 жыл	2020 жыл	Өзгерісі, %
1	Активтер жиынтығы, мың тг.	5 823 528	6 002 039	-3,4
2	Қысқа мерзімді міндеттемелер жиынтығы, мың тг.	16 720	12 367	26,0
3	Меншікті капитал, мың тг.	5 806 608	5 989 672	-3,2
4	Өнімді өткізуден түскен пайда, мың тг.	37 002	82 358	-117,2
5	Өнімді өткізудің өзіндік құны, мың тг.	252 582	236 211	6,5
6	Жай акциялардан түскен кіріс, мың тг.	250 000	200 000	20,0
7	Операциялық қызметтен түскен кіріс, мың тг.	53 734	96 604	-79,8
8	Инвестициялар, мың тг.	-	2 522	-
9	Ағымдағы өтімділік коэффициенті, %	6,65	10,08	-51,6
Ескерту – [15] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған				

2-кестеден көріп отырғанымыздай, «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА-ның ағымдағы өтімділік коэффициенті қолайлы деңгейде болса да және төлем мерзімі басталған кезде өз міндеттемелерін өтей алатынын көрсетсе де, қызметті қаржыландырудың негізгі көзі – орналастырылған акциялар түріндегі меншік иелерінің жарналары болып табылады. Инвестициялық қызметтің де енжарлығы байқалып отыр.

Жалпы, «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА 2021 жылға 15 жоба қызмет іске асырылуда. Оның ішінде, «Полимер Продакшн» ЖШС, полипропилен өндіруші «Kazakhstan Petrochemical industries inc» ЖШС, өндірістік инфрақұрылым объектілерін құрушы «Karabatan utility solution» ЖШС, полиэтилен өндіретін «KLPE» ЖШС, «Karabatan chemical corporation», «Global chemical», «ЭР Ликид Карабатан тех газы» ЖШС, газохимиялық зауыт «Силлено», синтетикалық каучук өндірушісі «Бу-тадиен», «Атырау нефтехим», «Ультрастаб-Казахстан», «РГК-Каспий» ЖШС, «АТ-Пластик», сұйық азот өндіруші «Tenizecoservice» ЖШС және «Dala-Ecos SP» ЖШС бар.

3-кестеде «Ақтау теңіз порты» АЭА-ның сипаттамасы мен негізгі экономикалық көрсеткіштері қарастырылған:

3-кестеден байқағанымыздай, «Ақтау теңіз порты» АЭА-ның тартылған инвестициялар көлемі 253 000 млн. тг. құраған және АЭА қызметі нәтижесінде барлығы 2 451 жұмыс орны ашылған. Қазіргі кезде «Ақтау теңіз порты» АЭА-да 18 жоба іске асырылған. Оның ішінде: «Sembol Construction and Engineering» ЖШС көпфункционалды қонақ үй-туристік кешені, «Ақтау Теңіз Солтүстік Терминалы» ЖШС-теңіз портын солтүстік бағытта кеңейту бағыты, «Caspian Offshore and Marine Construction» ЖШС, «Aktau Concrete Factory» ЖШС темірбетон бұйымдарын шығаратын зауыт, «Aspan Storage» ЖШС логистикалық-қойма кешенінің құрылысы, «Ақтау Полимер» ЖШС-полиэтилен және оқшау-

ланған құбырлар өндірісі, «Ақтау Керамзит» ЖШС керамзит тас шығаратын зауыт, «Өзірсун өндіріс және логистика орталығы» ЖШС жеміс-көкөніс және азық-түлік тауарлары қоймасы, «ДСК Қараойқырылыс», «Каспий Тас Жол», «Ақтау КИС», «КАСПИО Пласт», «Temir Fabrication», «Евро-Плита» «SATEX CHEMIE», «Kazakhstan Pipe Threaders» ЖШС премиум класты газ герметикалық бұрандалы қосылымы бар құбырлар шығаратын зауыт, «KazTrub-Industries» ЖШС-жоғары қысымды шыны пластик құбырлар шығаратын зауыт, «Arcellor Mittal Tubular Products Aktau» АҚ үлкен диаметрлі болат құбырлар шығаратын зауыт қызмет атқаруда.

Кесте 3 – «Ақтау теңіз порты» АЭА-ның сипаттамасы мен негізгі экономикалық көрсеткіштері

№	Сипаттамасы	«Ақтау теңіз порты» АЭА
1	2	3
1	Құрылған жылы, аймағы	2003, Маңғыстау облысы
2	Көлемі, га.	2140
3	Қызмет ету мерзімі, жылдар	2003-2028
4	Іске асырылған жобалар саны, жоба	18
5	Тартылған инвестициялар көлемі, млн. тг.	253 000
6	Өндіріс көлемі, млн. тг.	396 000
7	Жұмыс орындары, орын	2 451
Ескерту – [16] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған		

Байқағанымыздай, Атырау және Маңғыстау облысында құрылған АЭА-ның негізгі бағыттары мұнай-химия, құрылыс, машина жасау салаларына тиесілі. Бұл бағытта инвестицияларды арттыру және компаниялардың инновациялық қызметін жетілдіру мүмкіндіктері жоғары дегенді білдіреді. Батыс Қазақстан аймағының өзге екі облысы – Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында АЭА-ларды құру мүмкіндіктерін анықтау үшін бұл облыстардың негізгі шаруашылық салаларын анықтау қажет.

Ол үшін экономикалық қызметтің жалпы жүктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) негізінде аталған облыстардағы мұнай-газ және кен салаларынан бөлек диверсификациялау мүмкіндіктері жоғары салаларды анықтауымызға болады (Кесте 4).

Кесте 4 – Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарындағы АЭА құру мүмкіндіктерін анықтаушы негізгі салалары

№	Облыстар	Сектор атауы	ЭҚЖЖ
1	2	3	4
1	Ақтөбе	Кірпіш, жабынқыш және күйдірілген саздан жасалған өзге де құрылыс бұйымдарын өндіру	2361
		Болат, шойын және ферроқорытпа өндірісі	2410
2	Батыс Қазақстан	Бетоннан жасалған құрылыс бұйымдарын өндіру	2361
		Кеме мен жүзу құралдары құрылысы	3011
Ескерту – [17] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған			

4-кестеден көріп отырғанымыздай, Ақтөбе облысында кірпіш, жабынқыш және күйдірілген саздан жасалған өзге де құрылыс бұйымдары және болат, шойын және ферроқорытпа өндірісін дамыту мүмкіндіктері жоғары. Ал Батыс Қазақстан облысында кеме құрылысы, сонымен қатар бетоннан жасалған құрылыс бұйымдарын өндіру салаларын дамыту мүмкіндіктері бар.

Бұл ретте, ғылыми зерттеудің индуктивті әдісін пайдалана отырып, аймақтың инвестициялық тартымдылығын және инновациялық қызметті жетілдірудегі АЭА-дың маңызын анықтау үшін АЭА-дағы бизнеске ұсынылатын жеңілдіктерді жүйелендіреміз (Сурет 3).



Сурет 3 – АЭА-дағы бизнесті дамытудағы жағымды инвестициялық климат пен тиімді инновациялық қызметті қалыптастыру сызбасы

Ескерту – [8] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

3-суреттен көріп отырғанымыздай, АЭА-дағы инновациялық қызметті жетілдіру және инвестиция тартымдылығын арттыру үшін бірнеше жеңілдіктерді пайдалану мүмкіндігі анықталады.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ҚОРЫТЫНДЫ)

Сонымен, АЭА – бұл қолайлы географиялық жағдайы бар, кедендік салық салу, тауарларға баға белгілеу, инвестициялау саласындағы ерекше режимдер мен тетіктер белгіленетін жеткілікті инфрақұрылымы бар, сондай-ақ аймақтарға материалдық, қаржылық, технологиялық және еңбек ресурстарын тарту мақсатында құрылатын аумақтық құрылым екендігі анықталады. Мұның нәтижесі – экспорттық базаны дамыту, ауданға валюталық түсімдерді ұлғайту, халықтың жұмыспен қамтылу көрсеткішін арттыру, сондай-ақ ішкі нарықты бәсекеге қабілетті тұтынушылық мақсаттағы тауарлар мен қызметтермен қанықтыру, аймақ тұрғындарының өмір сүру деңгейін арттыру.

Зерттеу жұмысының объектісі болып табылатын Батыс Қазақстан аймағының АЭА-ның негізгі экономикалық көрсеткіштерін талдау және АЭА-дағы бизнесті дамытудағы жағымды инвестициялық климат пен тиімді инновациялық қызметті қалыптастыру мүмкіндіктерін қарастыра отырып, Батыс Қазақстан аймағында инновациялық қызметті дамыту мүмкіндіктерін аталған АЭА арқылы дамыту, сонымен қатар инвестиция тартымдылығын арттыру мақсатында жаңа АЭА құру мүмкіндіктері бар екені анықталды.

Авторлардың пікірінше, Батыс Қазақстан аймағының жаңа АЭА құру және қазіргі кезде іске асырылып отырған АЭА-лардың қызметін жетілдіру, сонымен қатар оның инвестициялық және инновациялық әлеуетті арттыру үшін келесі шаралар жүйесін оңтайландыру қажет: мынадай мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған:

- АЭА қатысушы компанияларының озық ғылыми әзірлемелерді тартуын қамтамасыз ету. Бұл ретте, мемлекет тарапынан ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТҚЖ) қаржыландыру жүйесін жетілдіру қажет;

- тікелей шетелдік инвестицияны тарту арқылы аймақ экономикасын жандандыру, сонымен қатар аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына оң мультипликативтік әсерін арттыру;
- валюталық активтер түсімін арттыру, сол арқылы валюталық қорлардың артуын қамтамасыз ету;
- жұмыссыздықты азайту мақсатында жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған саясат қалыптастыру;
- АЭА-да қымбат етіп жатырған компаниялардың заманауи нарықтық инфрақұрылымды құрға қатысуы;
- дамуы жағынан артта қалған аудандардың инновациялық белсенділігін арттыру және инвестициялық әлеуетін жоғарылатуға қатысу;
- АЭА-ны дамыту бойынша әлемдік тәжірибені жинақтау және зерттеу.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. KPMG. A guide to special economic zones in Poland. – Poland, 2009. – 68 p.
2. Шмонов Н. Н. Историческое исследование проблем развития особых экономических зон. – Казань: Изд-во КГУКИ, 2010. – 158 с.
3. Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар [Электронды ресурс] // ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму Министрлігінің Индустриялық даму комитетінің ресми сайты [web-сайт]. – 2023. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/comprom/activities/1182?lang=ru> (Қарау уақыты: 19.12.2022).
4. Зелимханова Н. З. Особые экономические зоны инструмент преодоления региональной депрессивности // Terra Economicus. – 2011. – № 9(2). – С. 125-128.
5. Nesmashnyi A. D., Nikitina Y. A. Local Hegemony: China's Special Economic Zones in Mauritius and Zambia // Vestnik RUDN. International Relations. – 2020. – № 20(1). – P. 97-114. – DOI: 10.22363/2313-0660-2020-20-1-97-114.
6. Kechichian E., Jeong M. H. Mainstreaming Eco-Industrial Parks: Conclusions from the Eco-Industrial Park 2015 Event in Seoul. – Washington, DC: World Bank, 2016. – 63 p.
7. Brussevich M. The Socio-economic Impact of Special Economic Zones: Evidence from Cambodia. IMF Working Paper WP/20/170. – Washington, DC: IMF, 2020. – 23 p.
8. Янова Е. А., Валдайцева М. В., Грибанова Н. В. Особые экономические зоны как элемент государственной инновационной политики // Журнал Вестник Алтайской академии экономики и права. – 2019. – № 5(часть 2). – С. 120-124.
9. Hausmann R., Obach J., Santos M. A. 'Special Economic Zones in Panama: A Critical Assessment', CID Faculty Working Paper No. 326. – Boston: Harvard University, 2017. – 93 p.
10. Meng G., Zeng D. Z. Structural Transformation Through Free Trade Zones: The Case of Shanghai // Transnational Corporations. – 2019. – № 26(2). – P. 95-115.
11. Кравчук В. И. Свободные экономические зоны: теоретические подходы к формированию и развитию в XXI веке // Управление экономическими системами. – 2015. – № 7(79). – С. 10-25.
12. Sadni-Jallab M., de Armas E. B. A Review of the Role and Impact of Export Processing Zones in World Trade: The Case of Mexico. – Brighton: HAL, 2002. – 22 p.
13. Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 3 сәуірдегі № 242-VI Заңы [Электрондық ресурс] // Әділет [web-сайт]. – 2019. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000242> (Қарау уақыты: 19.12.2022).
14. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының аумақтық органдары [Электрондық ресурс] // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты [web-сайт]. – 2022. – URL: <https://www.stat.gov.kz/region/list> (Қарау уақыты: 24.12.2022).
15. Финансовая отчетность АО «Управляющая компания специальной экономической зоны национальный индустриальный нефтехимический технопарк»: отчет независимого аудитора ТОО «Э.С.Т. аудит». – Алматы, 2022. – 33 с.

16. Общая информация [Электрондық ресурс] // Официальный сайт СЭЗ Актау Морпорт [web-сайт]. – б. д. – URL: <https://www.sez.kz/ru/> (Қарау уақыты: 20.12.2022).

17. QazIndustry. ҚР ИИДМ жанындағы «Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ зерттеулері бойынша ғылыми есеп. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 85 б.

REFERENCES

1. KPMG. (2009). A guide to special economic zones in Poland. Poland, 68 p.
2. Shmonov, N. N. (2010). Istoricheskoe issledovanie problem razvitiya osobyh ekonomicheskikh zon. KGUKI, Kazan, 158 p. (In Russian).
3. Arnajy ekonomikalyk zhane industriyalyk ajmaktar. (2023). Industrial Development Committee of the Ministry of Industry and Infrastructural Development of the Republic of Kazakhstan. Retrieved December 19, 2022, from <https://www.gov.kz/memleket/entities/comprom/activities/1182?lang=ru> (In Kazakh).
4. Zelimhanova, N. Z. (2011). Osoby ekonomicheskie zony instrument preodoleniya regional'noj depressivnosti. Terra Economicus, 9(2), 125-128 (In Russian).
5. Nesmashnyi, A. D. and Nikitina, Y. A. (2020). Local Hegemony: China's Special Economic Zones in Mauritius and Zambia. Vestnik RUDN. International Relations, 20(1), 97-114, DOI: 10.22363/2313-0660-2020-20-1-97-114.
6. Kechichian, E. and Jeong, M. H. (2016). Mainstreaming Eco-Industrial Parks: Conclusions from the Eco-Industrial Park 2015 Event in Seoul. Washington, DC, World Bank, 63 p.
7. Brussevich, M. (2020). The Socio-economic Impact of Special Economic Zones: Evidence from Cambodia. IMF Working Paper WP/20/170. Washington, DC, IMF, 23 p.
8. Yanova, E. A., Valdajceva, M. V. and Griбанова, N. V. (2019). Osoby ekonomicheskie zony kak element gosudarstvennoj innovacionnoj politiki. Vestnik Altajskoj akademii ekonomiki i prava, 5(the 2nd part), 120-124 (In Russian).
9. Hausmann, R., Obach, J. and Santos, M. A. (2017). Special Economic Zones in Panama: A Critical Assessment', CID Faculty Working Paper No. 326. Boston, Harvard University, 93 p.
10. Meng, G. and Zeng, D. Z. (2019). Structural Transformation Through Free Trade Zones: The Case of Shanghai. Transnational Corporations, 26(2), 95-115.
11. Kravchuk, V. I. (2015). Svobodnye ekonomicheskie zony: teoreticheskie podhody k formirovaniyu i razvitiyu v XXI veke. Upravlenie ekonomicheskimi sistemami, 7(79), 10-25 (In Russian).
12. Sadni-Jallab, M. and De Armas, E. B. (2002). A Review of the Role and Impact of Export Processing Zones in World Trade: the Case of Mexico. Brighton, HAL, 22 p.
13. Arnajy ekonomikalyk zhane industriyalyk ajmaktar turaly Kazakstan Respublikasynyn 2019 zhylgy 3 sauirdegi № 242-VI Zany. (2019). Adilet. Retrieved December 19, 2022, from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000242> (In Kazakh).
14. Kazakstan Respublikasy Strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agenttigi Ulttyk statistika byurosynyn aumaktyk organdary. (2022). Official site of Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. Retrieved December 24, 2022, from <https://www.stat.gov.kz/region/list> (In Kazakh).
15. Finansovaya otchetnost' AO «Upravlyayushchaya kompaniya special'noj ekonomicheskoy zony nacional'nyj industrial'nyj neftekhimicheskij tekhnopark»: otchet nezavisimogo auditora TOO «E.S.T. audit». (2022). Almaty, 33 p. (In Russian).
16. General Information. (n. d.). SEZ Aktau Seaport official website. Retrieved December 20, 2022, from <https://www.sez.kz/ru/> (In Russian).
17. QazIndustry. (2020). KR IIDM zhanyndagy «Kazakstandyk industriya zhane eksport ortalygy» AK zertteuleri bojynsha gylymi esep. Nur-Sultan, 85 p. (In Kazakh).

SPECIAL ECONOMIC ZONES OF WESTERN KAZAKHSTAN AS A MECHANISM FOR IMPROVING INVESTMENT AND INNOVATION ACTIVITIES

A. Tolepov¹, A. Tlesova¹, N. Nurkasheva^{2*}

¹M. Utemisov West Kazakhstan University, Oral, Republic of Kazakhstan

²Narxoz University, Almaty, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

The purpose of the study is to study the theoretical aspects of special economic zones and develop scientifically sound recommendations for determining development opportunities in the West Kazakhstan region.

Methodology – during the research work, the bibliographic method was used to determine the theoretical and methodological aspects and the ideas of foreign, Kazakh authors about the special economic zone were studied. A mathematical analysis of statistical data was carried out to assess the state of special economic zones in the West Kazakhstan region. The necessary indicators for this were selected by the ranking method. Based on the results of the evaluation using the inductive method, recommendations for the development of the activities of special economic zones have been developed.

Uniqueness / value of the study – the importance of creating and improving special economic zones for the development of innovative activities, as well as increasing the investment attractiveness of the West Kazakhstan region is determined. At the same time, the leading industry directions for the development of special economic zones in the region have been identified. A set of measures to improve the investment climate and improve innovation activities has been systematized.

The results of the study – an assessment of the innovation and investment activities of the West Kazakhstan region was carried out; the possibilities of improving the activities of the currently created special economic zones and the creation of new ones were identified, recommendations for their improvement were given.

Keywords: special economic zone, West Kazakhstan region, innovation activity, investment attractiveness, technoparks.

СПЕЦИАЛЬНЫЕ ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ЗОНЫ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА КАК МЕХАНИЗМ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ИНВЕСТИЦИОННОЙ И ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Ә. Е. Төлепов¹, А. Б. Тлесова¹, Н. С. Нуркашева^{2*}

¹Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, Уральск, Республика Казахстан

²Университета Нархоз, Алматы, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Цель исследования – изучение теоретических аспектов специальных экономических зон и выработка научно обоснованных рекомендаций по определению возможностей развития в Западно-Казахстанском регионе.

Методология – при проведении исследовательской работы был использован библиографический метод для определения теоретико-методологических аспектов и изучены представления зарубежных, казахстанских авторов о специальной экономической зоне. Проведен математический анализ статистических данных для оценки состояния специальных экономических зон в Западно-Казахстанской области. Необходимые для этого показатели были отобраны методом ранжирования. На основании

полученных результатов оценки с применением индуктивного метода разработаны рекомендации по развитию деятельности специальных экономических зон.

Оригинальность / ценность исследования – определена важность создания и совершенствования специальных экономических зон в целях развития инновационной деятельности, а также повышения инвестиционной привлекательности Западно-Казахстанского региона. Вместе с тем, определены ведущие отраслевые направления по развитию специальных экономических зон в регионе. Систематизирован комплекс мер по повышению инвестиционного климата и совершенствованию инновационной деятельности.

Результаты исследования – проведена оценка инновационной и инвестиционной деятельности Западно-Казахстанского региона; определены возможности совершенствования деятельности созданных в настоящее время специальных экономических зон и создания новых, даны рекомендации по их усовершенствованию.

Ключевые слова: специальная экономическая зона, Западно-Казахстанский регион, инновационная деятельность, инвестиционная привлекательность, технопарки.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

Төлепов Әділ Ерболатұлы – экономика ғылымдарының магистры, аға оқытушы, PhD докторантураның түлегі, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан Республикасы, e-mail: adil-tulepov@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9961-5088>.

Тлесова Айгуль Бакытжанова – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан Республикасы, e-mail: aigultlesova@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1143-028X>.

Нуркашева Нурсулу Султанияровна – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: nursulu.nurkasheva@narhoz.kz*